

ӘОЖ 378.147:372.881.111.1

*Шайманов А., «Авиациялық ағылшын тілі» кафедрасының аға оқытушысы  
Азаматтық авиация академиясы*

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА АВИАЦИЯЛЫҚ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### ПРОБЛЕМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ АВИАЦИОННОГО АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ

### PROBLEMS OF TEACHING AVIATION ENGLISH IN HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS

**Аңдатпа.** Бұл жұмыста жоғары оқу орындарында авиациялық ағылшын тілін оқытудың қиындықтары талданады және оқу жоспары мен курстық бағдарламаны жасау барысында кездесетін мәселелерді шешетін ұсыныстар сөз етіледі.

**Түйінді сөздер:** авиация, ағылшын тілі, қиындықтар, авиациялық терминологиясы.

**Abstract.** This paper aims to analyze the challenges in teaching aviation English at higher institutions in English language instructors' and to present some recommendations that can help to reduce encountered problems if taken into consideration in the design and implementation of the related syllabus and course program.

**Key words:** aviation, English, challenges, aviation terminology.

**Аннотация** Целью данной статьи является анализ проблем преподавания авиационного английского языка в высших учебных заведениях с точки зрения преподавателей английского языка и представление некоторых рекомендаций, которые могут помочь уменьшить возникающие проблемы, если их принять во внимание при разработке и реализации соответствующей учебной программы и программы курса.

**Ключевые слова:** авиация, английский язык, трудности, авиационные терминологии.

Ағылшын тілін арнайы мақсатта оқыту қазіргі білім қоғамын қалыптастырудың өмірлік талабы болып саналды. Шет тілдеріндегі қарым-қатынас барлық азаматтардың білім қоғамында табысты өмір сүруі үшін міндетті болып саналатын және сегіз құзыреттіліктің бірі ретінде көрсетілген. Ағылшын тілі халықаралық ғылым, технология және коммерцияның сөзсіз кілті ретінде халықаралық тіл ретінде қабылданғандықтан, ағылшын тілін оқыту біздің біртұтас дамыған әлемдегі барлық білім беру жүйелерінде үлкен маңызға ие болды. Сол себепті ағылшын тілі белгілі бір мақсатта ағылшын тілінің шет тілі ретінде қарқынды дамып келе жатқан тармағы болды және ағылшын тілін оқыту мен онымен байланысты зерттеулердің негізгі күшіне айналды.

Ағылшын тілін арнайы мақсатта үйрену 1960 жылдардан бастап өз өнімдерін сатқысы келетін кәсіпкерлер, шет тіліндегі нұсқаулықты түсінгісі келетін механиктер, өз салаларындағы соңғы технологиялық жетістіктерді білгісі келетін ұшқыштар мен дәрігерлердің ағылшын тілін үйренуге деген қығыушылықтары себеп болды.

Тілді үйрену оның грамматикасын үйреніп қана қою деген сөз емес, керісінше оның сөздік қорын дамытып, оны коммуникативті мақсатта дұрыс қолдануды білдіреді. «Грамматикасыз өте аз нәрсені, ал сөздіксіз ешнәрсені жеткізе алмайды». Осы себепті

ағылшын тілі оқытушылары студенттерге оның маңыздылығын түсіну үшін оқу бағдарламасында және аудиториядағы іс-әрекетте сөздік қорын жоғары дәрежеде беруі керек. Демек, сөздік қорды дұрыс үйрену сөздік қорды ұтымды пайдалануды талап етеді. Сонымен қатар сөздік қорды меңгеру ESP-де тілді табысты оқытудың ең маңызды компоненті болып табылады. Техникалық лексика - білім алушыларға өте маңызды болып табылады. Оқытушы бір тарауды бастамас бұрын сол тарауда кездесетін терминдердің мағынасымен студенттерді таныстыруы керек. Техникалық лексиканы оқыту студенттердің кез келген тақырыпты түсінуі үшін өте маңызды, өйткені егер оларға маңызды техникалық терминдер алдын-ала түсіндірілмесе, тарауын немесе оқылымды түсініп, оқи алмайды [1].

Авиациялық технологиялар барлық басқа ғылым салалары сияқты белгілі бір ұлтқа немесе мәдениетке жатпайды, керісінше әмбебап ұғымды білдіреді. Сол сияқты радиотелефон байланыс тілі деағылшын тіліне негізделіп, жалпы тілдік франка, мәдени және тілдік вариациялардан тұрады. Заманауи ғылымның бүкіл әлемге таралуы және авиациялық технологиялардың үздіксіз дамуы нәтижесінде авиациялық ағылшын тілін үйренуге деген талап күннен күнге артып келеді. Аэронавигациялық индустриядағы мәдени және тілдік практикаға негізделген авиациялық технологияның әр түрлі лексикалық формалары, мағыналық ерекшеліктері және техникалық ағылшын сөздерінің айтылуы студенттерге үлкен қиындықтар туғызуда. Басқаша айтқанда, авиациялық қауымдастықтардың көптігі мен әртүрлілігі техникалық терминдердің мағынасына, формасына, жазылуына және айтылуына әсер етуде.

Соңғы жылдары ғалымдар авиациялық ағылшын тілін студенттерге тиімді түрде үйрету үшін авиациялық ағылшын тілі бағдарламаларын жасап шықты. Ғалымдардың көп жылдық зерттеуі нәтижесінде авиациялық ағылшын тілін үйрету барысында кездесетін қиындықтар мен проблемалар жайында сөз етеміз. Десе де, кейбір мәселелердің шешімі әлі күнге дейін өз шешімін тапқан жоқ [2].

Бүгінгі таңдағы бірінші мәселе салалық оқу құралдарының жоқтығы және көпшілікке қолжетімді болмауы болып саналады. Сонымен қатар авиациялық ағылшын тілі оқулықтары ИКАО тарапынан бақылаудан өтуі қажет деп санаймын. Дегенмен жоғарыда аталған мәселе жылдар өте келе өз шешімін тауып келеді. Екінші мәселе аудиториядағы студенттердің тілдік деңгейлерінің әр түрлі және төмен деңгейде болуы авиациялық ағылшын тілін оқыту барысында бірқатар қиындықтар туғызып келеді. Сол себепті авиациялық ағылшын тілін оқытуды бастамас бұрын студент өзінің тілдік деңгейін жетілдіріп бастағаны жөн болады. Үшінші мәселе қазіргі таңда елімізде мамандандырылған авиациялық ағылшын тілі оқытушыларының тапшы болуы авиация мамандарын даярлауда бірқатар қиындықтар туғызып отыр. Себебі жалпы ағылшын тілі мен техникалық авиациялық ағылшын тілінің айырмашылығы жер мен көктей. Бұл проблеманы шешу үшін оқытушыларды мамандықтар бойынша арнайы курстардан өткізу қажет деп санаймын [3].

Студенттерге авиациялық ағылшын тілін жетік үйрету үшін авиациялық ағылшын тілі сабақтарын жеке курс ретінде ұйымдастыру қажет. Егер авиациялық ағылшын тілі курстары ұйымдастырылатын болса, осыған сәйкес студенттерден емтихандар алынатын болады. Осылайша, студенттердің авиациялық ағылшын тіліне деген ынтасы мен қызығушылығын арттырып, емтихандарда жоғары нәтижеге жетуіне өз сетігін тигізеді.

Қорыта келе, авиациялық ағылшын тілін оқытуда кездесетін қиындықтарды шешу мақсатында төмендегі ұсыныстарды ұсынғым келіп тұр:

Оқытушылар студенттерді екі-үш күндік ұшу базасына экскурсия жасау қажет. Бұл оларға авиация саласын терең түсінуге және нағыз авиатор мамандары болып шығуына үлкен мүмкіндік береді. Бұл олардың техникалық білімі мен құзыреттілігін арттырып қана қоймай, студенттердің техникалық лексикамен танысуына жол ашады.

Оқытушылар оқу бағдарламасын жасау барында тәжірибелі авиация саласының мамандарымен бірге жұмыс жауы керек. Осылайша болашақ авиаторлардың білікті маман болуына өз септігін тигізеді.

Білікті авиатор мамандарды авиация саласына сонау 11-ші сынып оқушыларымен жұмыс жасау арқылы бастау керек. Ол келесідей жолмен жасалады: Оқытушылар авиациялық сабақтар мен шағын курстар ұйымдастыру арқылы оқушыларды авиация саласына қызықтыра алады [4].

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Atsushi, Tajima (2004). Fatal miscommunication: English in Aviation. World English, 23 (3), 451-470.
2. Benson J.D, Grease W.S. (1981), Field of Discourse in: theory and application, Applied Linguistics. 2 (1) 45-55.
3. Gairns, Ruth; Redman, Stuard, (1986), Working with words. Cambridge University press, 137.
4. Gregory M. (1967) Aspects of Varieties Differentiation, Journal of Linguistics 3.